

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

05 наурыз 2018 жыл

KASE мен "Даму" қоры исламдық қаржыландыруды дамыту сұрақтары бойынша семинар өткізді

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE) және "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ (бұдан әрі – "Даму" қоры) 2018 жылдың 05 наурызында кіші және орта бизнестің өкілдеріне арналған "Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды енгізу" тақырыбына бірлескен семинарын өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты КОБ исламдық қаржыландыруды алу мүмкіншілігі туралы ақпараттандырылуын арттыру болып табылады. Кісіпкердер семинарда қаржыландыру механизмі мен исламдық қаржылардың жұмысы туралы, исламдық және дәстүрлі қаржы институттарының ынтымақтастық формалары туралы, құқықтық негіздер, сондай-ақ орның Қазақстанда енгізілу перспективалары туралы ақпарат алды.

Алғы сөзбен семинарға қатысушыларға "Даму" қоры Төрағасының орынбасары Дәулет Әбілқайыров сөз алып, осындай семинардың уақыттылығы мен маңыздылығын атап өтті. "Осы кезде исламдық банктік жүйе дүниежүзі бойынша перспективалық бағыт деп қарастырылып, исламдық қаржы құралдарды қолдану, исламдық қаржылық институттар мен қазақстандық кәсіпкерлердің өзара әрекеттестігі шегінде, Қазақстанда бизнестің дамуына жаңа мүмкіндіктер ашады", – деді ол өз сөзінде.

Д. Әбілқайыровтың көзі бойынша: "Елбасының үндеуін жүзеге асыру шегінде, "Даму" қоры КОБ қолдау және дамыту үшін 7 жыл мерзімге 40 млн АҚШ доллары сомасын ICD-ден альтернативалық қаржыландыру механизмдерін тарту сұрақты қарастырып жатыр. "Даму" қорымен келісім жасасқан, КОБ дейін қаржылар екінші деңгейдегі исламдық банктер мен лизингілік компаниялар арқылы жеткізіліп, ал ICD "Сукук" исламдық облигацияларын Биржада шығару есебінен теңгелік өтімділікті қамтамасыз етеді".

"Қазақстан қор биржасы" АҚ басқарушы директоры Қайрат Тұрмағамбетов өз сөзінде осы іс-шараның отандық бизнес өкілдерін KASE ресми тізімінің құрылымы және исламдық қаржылардың Биржада дамуы.

Іс-шара "Даму" қоры мен KASE арасындағы кәсіпкерлік қызмет субъектілерін қолдау бойынша, соның ішінде кәсіпкерлік қызметті қаржыландыру көздерін диверсификациялау және басқарушылық құзіреттілікті арттыру арқылы, бірлескен қызметін жалғастыруға және ынтымақтастық аясын кейтуге бағытталған.

Для справки

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша

2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz

"Даму" Кәсіпкерлік дамыту қоры" АҚ – ұлттық даму институты, акцияларының 100 % "Бәйтерек" Қлттық Басқарушы холдинг" АҚ тиесілі. "Даму" қорының миссиясы – КОБ, сондай-ақ Қазақстанның микроқаржылық ұйымдарының сапалы дамуына интегратор және қаржылық, консалтингтік қызметтер көрсетуші оператор ретінде себептесу. Баспасөз қызметі: +7 (727) 2445566 (вн. 1042), сайт: www.damu.kz.